



**БҰЙРЫҚ**  
*06.05.2024 ж.*

Шолақорған ауылы

**ПРИКАЗ**  
№ *312*

село Шолақорған

Г 7  
«Орта білім беру ұйымдарында  
2023-2024 оқу жылының басталу  
және аяқталу мерзімдерін, сондай – ақ  
білім алушыларды қорытынды  
аттестаттаудан өткізу мерзімдерін  
айқындау туралы»

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы «Орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай – ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» №304 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мынандай мерзімдері айқындалсын:

**2023 жылғы 1 қыркүйек -2024 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:**

1-11 (12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс- күнтізбелік 7 күн (2023 жылғы 30 қазаннан бастап 5 қарашаны қоса алғанда);

2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда);

3- тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2024 жылғы 21-31 наурыз аралығында);

1-сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 5-11 ақпан аралығында);

4-тоқсан – 8 оқу аптасы.

**2. Қорытынды аттестаттаудың мынандай мерзімдері бекітілсін:**

9 (10) – сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2024 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында;

11 (12) – сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2024 жылғы 28 мамырдан бастап 11 маусым аралығында.

**3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынандай мерзімдері бекітілсін:**

**9 (10) – сынып оқушылары үшін:**

1) қазақ тілі/орыс тілі және өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін – жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2024 жылғы 29 мамыр;

2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) 2024 жылғы 3 маусым;

3) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2024 жылғы 6 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2024 жылғы 10 маусым;

**11 (12) – сынып оқушылары үшін:**

1) қазақ тілі/ орыс тілі бойынша және ұйғыр/тәжік/өзбек тілінде білім беретін мектептер/ сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2024 жылғы 28 мамыр;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан -2024 жылғы 31 мамыр;

3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2024 жылғы 4 маусым;

4) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілдерінде оқытатын мектептерде/ сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінің жазбаша емтихан – 2024 жылғы 7 маусым;

5) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша) шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2024 жылғы 11

маусым.

**4. Жалпы білім беру ұйымдары:**

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №125 бұйрығының талаптарына сәйкес 2023-2024 оқу жылының аяқталуын қамтамасыз етсін.

2) Жоғарыда баяндалғандар негізінде оқу жылының аяқталуы бойынша уақытылы ұйымдастыру іс-шараларын жүргізісін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

*Негізі: Түркістан облысының білім басқармасының  
2024 жылғы 04 мамырдағы №166 бұйрығы*

**Созақ ауданының білім  
бөлімі басшысының м.а**



**Ш.Сатыбалды**